

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында
сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз
ету департаменті

**«Ақтөбе облысы білім басқармасының Ойыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік
мекемесінің «Ақшатау орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жанындағы
шағын орталықтың өзін-өзі бағалауының
ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

Ақшатау ауылы
2022 жыл

«Ақтөбе облысы білім басқармасының Ойыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ақшатау орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жанындағы шағын орталықтың мектепке дейінгі білім мен тәрбие беру жағдайын өзін-өзі бағалауының қорытынды АНЫҚТАМАСЫ

Бақылау түрі: өзін-өзі бағалау.

Өзін-өзі бағалау жүргізуге негіз: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2021 жылғы 3 тамыздағы № 634 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында мемлекеттік аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулық», "Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы № 124 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 шілдедегі № 366 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 26 шілдедегі бұйрығы,

Өзін-өзі бағалау комиссиясының құрамы:

- | | |
|------------------------------------|---|
| 1. Карасаев Бекжан Каримович | мектеп директоры |
| 2. Басауова Салима Сергазиевна | мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары |
| 3. Калиева Гулнара Жумабековна | мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары |
| 4. Темірова Дәмелі Қонысбайқызы | қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі |
| 5. Бақтығосова Арайгул Қобыланқызы | шағын орталық тәрбиешісі |

Өзін-өзі бағалау барысында төмендегі мәселелер тексеріліп сарапталды, олар:

- 1) мектепке дейінгі білім беру мен тәрбиелеудің мақсаты, міндеттері мен құндылықтары;
- 2) оқыту мен тәрбиелеу;
- 3) білікті қызметкерлердің болуы;
- 4) тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

«Ақшатау орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне жалпы сипаттама.

Білім беру мекемесінің толық атауы: «Ақтөбе облысы білім басқармасының Ойыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ақшатау орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

- БСН 970540001988 заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлігі 2021 жылдың 12 қаңтарында берілген. Алғашқы мемлекеттік тіркелген күні 1997 жыл 22 мамыр.
- Заңды мекен-жайы: 030900, Қазақстан Республикасы Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Ақшатау ауылы, Ақжол көшесі, 1А. Электрондық мекен-жайы: akshatau75@mail.ru, Телефон, факс: 8 (71332) 72-0-81.
- Шағын орталықтың техникалық паспорты 2014 жылы 20 қазанда жасалған. Сериясы –А, қабат саны-1, құрылыс ауданы-296,2, ғимараттың ауқымы-942, жалпы алаң-216, салынған жылы-1974 жыл
- Ақшатау орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Жарғысы Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінде 12.01.2021 жылы тіркеліп, Ақтөбе облысының әкімдігінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы №490 қаулысымен бекітілген ;

- «Ақшатау орта мектебі» КММ–нің басқару органы -«Ақтөбе облысының білім басқармасы»; Құрылтайшысы-«Ақтөбе облысының әкімдігі».
- Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Ойыл ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 20 мамырдағы № 69 шешімі негізінде тұрақты жер пайдалану құқығын беретін актісі (жер учаскесінің алаңы – 0,1825 га) кадастрлық номері: **02-032-011-295**
- Мектептің білім беру қызметі ҚР «Білім туралы» заңына, ҚР бастауыш, негізгі және жалпы орта білім берудің нормативті құжаттарына, ҚР БЖҒМ нұсқаулық хаттары мен бұйрықтарына, ҚР орта жалпы білім берудің бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдары қызметінің типтік Ережелеріне, Мектеп Жарғысына сәйкес жүзеге асырылуда.
- Жалпы орта білім беру қызметімен айналысуға құқық беретін мемлекеттік лицензия: 18 ақпан 2021 жылы берілген №KZ74LAA00024089, мерзімі– шектелмеген. Бұйрық №60 н/қ .
- Мектептің қаржы-экономикалық жағы Аудандық білім бөлімінде орталықтандырылған. Мекеменің ағымдағы шоты, мөрі бар.
- «Ақшатау орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Мектепшілік тәртіп ережелері «Білім туралы» Заң, Жарғы және басқа да азаматтық қатынастарды реттейтін нормативті құқықтық құжаттар негізінде құрылған.

Мектеп директоры Карасаев Бекжан Каримович 2014 жылы 07 ақпанда Ойыл аудандық білім бөлімінің №51 бұйрығымен Ақшатау орта мектебінің директоры қызметіне тағайындалды.

Мектеп Мемлекеттік аттестаттаудан 2014 жылы өтті. «ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті Ақтөбе облысының Білім саласындағы бақылау департаменті» мемлекеттік мекемесінің 17 сәуір 2014 жылғы №282 бұйрығы негізінде «аттестатталды».

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарлама: 13 сәуір 2021 жылғы №KZ54RVK00034435, мерзімі– шектелмеген (көшірме қосымша ұсынылады).

Шағын орталықтың қаржы-экономикалық жағы Аудандық білім бөлімінде орталықтандырылған.

1) білім беру салаларының және ұйымдастырылған оқу қызметінің МЖМБС талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – МДТО ҮОЖ) сәйкестігі. Бағаланатын кезеңде әзірленген және білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспарларының көшірмелері қоса беріледі;

2017-2018 оқу жылында балабақашада және даярлық сыныпта тәрбие-білім беру процесі ҚР Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы № 292 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 маусымдағы №391 бұйрығының 1-қосымшасына) сәйкес қамтамасыз етілді.

2018-2019 оқу жылында балабақашада және даярлық сыныпта тәрбие-білім беру процесі ҚР Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы № 292 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 маусымдағы №391 бұйрығының 1-қосымшасына) сәйкес қамтамасыз етілді.

2019-2020 оқу жылында балабақшада және даярлық сыныпта тәрбие-білім беру процесі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, ҚР БҒМ 2012 жылғы 12 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (2018 жылғы 10 қазандағы № 556 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген), ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес қамтамасыз етіледі.

2020-2021 оқу жылында балабақша және мектепалды даярлық сыныбында тәрбие-білім беру процесі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (2020 жылғы 5 мамырдағы №182 өзгерістер мен толықтырулар енгізілген), «Қазақстан Республикасындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрығының 1-қосымшасы, ҚР БҒМ 2020 жылғы 6 мамырдағы № 90 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларына» сәйкес қамтамасыз етілді.

2021-2022 оқу жылында балабақша және мектепалды даярлық сыныбында 2021-2022 оқу жылының оқу жоспары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 31.10.2018 ж. №604 бұйрығымен (05.05.2020 ж. №182 бұйрығымен енгізілген өзгерістер мен толықтырулар) бекітілген «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 20.12.2012 ж. №557 бұйрығы (12.05.2020 ж. №195 бұйрығымен енгізілген өзгерістер мен толықтырулар) "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 қыркүйектегі № 412 бұйрығы.

«Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында 2021-2022 оқу жылында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатын негізге ала отырып құрылды.

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі – МДТО үлгілік оқу бағдарламасы) сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру, соның ішінде:

оқытудың күтілетін нәтижелері түрінде ұсынылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу;

қимыл, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік білім, білік, дағдыларын, өз бетінше үйрену дағдыларын, сонымен бірге аталған білім, білік, дағдыларды ерте жастағы балаларда қалыптастыру;

тәрбиелеу мен оқытуға психологиялық-педагогикалық жағдай жасау;

мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді бастауыш білім беру ұйымдарында оқыту үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді құру;

мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру арасында

оқыту, дамыту, тәрбиелеу міндеттерін ескеріп, сабақтастық пен үздіксіздік ұстанымдарын қамтамасыз ету;

тәрбиеленушілердің жеке және жас ерекшеліктерін ескеріп, оқу қызметіне дайындау;

креативтілікті, коммуникативтілікті, сыни ойлауды және командада жұмыс істей білуді дамытуға бағытталған әлеуметтік-тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру;

Негізгі мақсат: мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім, білік, дағдыларын, рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру, "Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеясына негізделген жалпыадамзаттық құндылықтарға, ұлтжандылыққа және толеранттылыққа тәрбиелеу, сондай-ақ баланың мектепте оқуға әлеуметтік-психологиялық, тұлғалық, ерік-жігерлік, физикалық және зияткерлік даярлығы.

Сондықтан, баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін заттық-кеңістіктік дамытушы орта құру, мектепке дейінгі білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігі ұстанымдарын қамтамасыз ету, балалардың дене, зияткерлік, коммуникативтік, адамгершілік, эстетикалық дамуына бағытталған білім беру салаларын кіріктіру, әр жас тобында бағдарлама материалының мазмұнын игеруде балалардың дамуы мониторингін ұйымдастыру, мектепке дейінгі ұйым мен отбасының бірлескен ынтымақтастығы, мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеуде ата-аналар қауымдастығының қажеттілігін қанағаттандыру біздің міндетіміз болып табылады.

Баланың коммуникативтік дағдыларының қалыптасуына, танымдық және әлеуметтік мотивтерінің көрінуіне, қызығушылығы мен білім алуға деген құштарлығының дамуына ықпал ету мақсатында бағдарламаны басшылыққа алып жұмыстанамыз.

Әр саладағы күтілетін нәтижелер сабақтардағы оқу мақсаттарының жүйесі арқылы беріледі.

"Рухани жаңғыру" бағдарламасын іске асыру шеңберінде ұлттық салт-дәстүрлер мен жалпы адами құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыру бойынша (бағаланатын кезеңде ұйымдастырылған оқу қызметінің (арнайы түзету оқу қызметі) бөлінуін растайтын құжаттардың, күн тәртібі, бекітілген өтпелі тақырыптар мен циклограммаларға сәйкес перспективалық жоспар, оның ішінде жылдық жұмыс жоспарларының көшірмелері қоса беріледі);

Балалардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, толардың жан-жақты үйлесімді дамуы үшін жайлы және қауіпсіз жағдайлар жасау алға қойған мақсатымыз болып табылады.

Міндетіміз: - әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын, оның ішінде инклюзивті орта құруды;

- балаларды қызықты ойын түрінде (шаршауды болдырмау үшін) тәрбиелеу, оқыту және дамытуды;

- баланы білім беру процесіне толыққанды қатысушы (субъект) деп тану;

- ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар балаларға қоғамның оң көзқарасын қалыптастыруды;

- мектепте оқуға қажетті дағдыларды жетілдіруді (қауіпті немесе қауіпсіз әрекеттерді бағалай білу; эмоцияларын басқару; баланың жалпы когнитивтік дамуы);

- әртүрлі әлеуметтік топтардан шыққан балалардың сапалы мектепке дейінгі білім алуы үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді қамтамасыз ету.

Ұлттық дәстүрлер мен адами құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыру мақсатында күн тәртібі, бекітілген өтпелі тақырыптар мен циклограммалар, перспективалық жоспарлар, жылдық жоспарлар көшірмелері берілді.

3) МДТО үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта құру (жалпы білім беру ұйымы бойынша мектеп жасына дейінгі баланың жеке, тұлғалық, зияткерлік, әлеуметтік және эмоционалдық дамуын қамтамасыз ететін жағдайлар жасау туралы бейнематериалдар, сондай-ақ жабдықтар мен жиһазға жүкқұжаттардың көшірмелері және бухгалтерлік есептілік деректерінен негізгі құралдар тізбесінің көшірмелері қоса беріледі);

Мектепалды даярлық сыныбында 14 оқушы. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес, білім берудің бес саласы бойынша жүзеге асырылады. Баланың мектепке дайындығы тек бастапқы біліммен ғана емес, соныменен қатар ынтасымен, талабымен, құрдастарымен достық қарым-қатынас жасау дағдыларын танытумен дене дамуымен, эмоционалдық көңіл-күйімен анықталады. Соныменен қатар баланың денсаулығы мен қауіпсіздігіне назар аударуды қажет еттім. Балалардың еркін ойнауына мүмкіндік берілді. Білім беру салаларын кіріктіру арқылы балалардың оқуға деген ынтасы дамы бастады. Қатынас саласы бойынша балаларға түрлі ертегілер, жұмбақтар енгізіп сюжетті қойылымдар көрсетілді. Тіл байлығын жетілдіруде тақпақтар, жаңылтпаштар айта бастады. Дамытушы ойындар, қимылды ойындар, дидактикалық ойындар ойната отырып, ұйымшылдыққа татулыққа баули білді. Жазудың қарапайым дағдыларын карандаш, қалам ұстауды сызықтар сызуды, сурет салуды, бастыруды меңгерді. Кітаптың қағаздың бетіне бағдарлауды үйренді. Дұрыс мәнерлі сөйлеуге қалыптасты. Таным саласы бойынша геометриялық пішіндерді танып атай біледі. 1-10 көлеміндегі сандарды тура және кері санап реттегі сандық қатынасты білді. Пішіндерден үй құрастыруды меңгерді. Заттардың ортақ қасиеті бойынша біріктіруді түсінді. Берілген тапсырмаларды ықылас қойып орындады. Апта күндерін, жыл мезгілдері бойынша айларды ретімен атауды үйренді. Түрлі материалдардан заттарды құрастыруды, олардың атауларын атай білді. Шығармашылық саласы бойынша сурет салу, жапсыру, мүсіндеу сабақтарында балалардың шығармашылық деңгейін дамытып жан-жақты тәрбиелеуді мақсат еттім. Бір қалыпты бояуды, акварельмен жұмыс жасауды, елестету бойынша өз ойымен сурет салуды дағдыланды. Сыни тұрғыдан ойлауды, топпен жұмыс жасауды үйренді. Саусақ моторикасын дамыту мақсатында үстел-үсті ойындарын жие қолданып отырады. Денсаулық саласы бойынша қимылды ойындарды ұйымдастыру дағдыларын игерді. Спорттық ойын ұйымдастырдым онда балалар белсенділік танытты. Атап айтатын болсам, кегельдерді доппен құлату, шеңберге қос аяқпен секіру, секіртпе жіппен жарысу, жалаушаға дейін кім тез жетеді, ат жарыс ойындарында қызығушылық танытты. Сонымен қатар ұлттық ойындары ұйымдастырылды. Балаларды ұлтжандыққа, татулылыққа бірлесіп ойнауға баули білді. Әлеумет саласы бойынша балалар жақсы мен жаман әрекеттерді ажырата білді. Үлкендерді сыйлап мейірімділік танытуды түсінді. Өз отбасы мүшелерін біледі және атайды. Құрдастарына өз көңіл күйлерін білдіруге дағдыланды. Серуен кезінде табиғатқа қызығушылық танытты. Қажетті жағдайларда көмек сұрай алады. Балалардың қоршаған ортаға деген қызығушылығы арта түсті. Тәуелсіздіктің отыз жылдығына орай «Тәуелсіздік тұғырым» атты тәрбие сағаты өткізілді. Тәрбие сағаты әнұранмен басталды. Балалар ән айтып, би билеп, тақпақтар айтып өз өнерлерін ортаға салды. Отан туралы нақыл сөздер, мақал-мәтелдер айтылды. Рәміздер туралы балаларға мағұлмат берілді. Елбасымызға арнап балалар өздерінің жүректерінен шыққан жақсы тілектерді айтып өтті. Негізгі мақсатым туған жерін, елін сүйуге патриоттық сезімдерін ояту. Осы ұйымдастырылған жұмыстың нәтежесінде балалар жақсы жетістікке жетті. Балабақшада оқу жылының басында бекітілген жылдық жұмыс жоспары үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес құрылған. Ортаңғы топ бес білім беру саласымен, Кіші топ төрт білім беру саласымен жұмыстанады. Екі топта барлығы – 34 бала. Білім салалары қамтыла

отырып, түрлі оқу қызметтері мен ертеңгіліктер, тәрбие - танымдық сағаттар өткізіліп тұрады. Оқу қызметінің ұзақтығы оқу жоспары мен жас ерекшеліктеріне сәйкес. Топ балалары шығармашық конкурстарға белсене қатысып отырады. Осы ұйымдастырылған жұмыстардың нәтижесінде балалар өлең тақпақтарды жатқа айтуға машықтанды, оқу іс әрекетіне қызығушылықпен қатысып, белсенділік танытып бір бірімен қарым-қатынастары нығая түскенін байқадым. Денсаулық саласы бойынша балалар жеке бас гигиенасының ережелерін біледі және сақтай алады. Негізгі қимыл түрлерін орындаудың қарапайым дағдыларын меңгерді. Бірлескен ойындарда қарапайым ережелерді сақтайды. Қатынас саласы бойынша ересектердің сөзін түсінеді, сұрақтарды тыңдайды, оларға жауап бере алады. Қажетті сөздермен сөз тіркестерін қолданады. Сөздердің қалай айтылуын тындап, оларды анық айтады. Таным саласы бойынша салыстыру, қатар қою, беттестіру тәсілімен заттарға тән айырмашылықтарды таниды және атап айтады. Әрбір тәсілдерді қолдана отырып, құрылыс материалдарын қолданады. Шығармашылық саласы: төртбұрышты пішіндегі заттарды бейнелей алады, оларды дөңгелек пішіндегілермен үйлестіреді. бірнеше тік және көлденең сызықтардан заттарды салу (дуал, ағаш) Жануарлардың суретін салу, салынған пішіндерін бояуды (мақталы таяқшаларымен бояу) Әлеумет саласы ауа райының жағдайларын анықтай алады, табиғат құбылыстарын (маусымдық) бақылайды.

4) МЖМБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту" мамандығы бойынша білімі бар педагогтердің болуы (тәрбиеленушілерді тәрбиелеу және оқыту бойынша кәсіби қызметті жүзеге асыратын педагогтер дипломдарының көшірмелері қоса беріледі);

Балабақшада 4 тәрбиеші, даярлық сыныпта 1 тәрбиеші жұмыс жасайды:

| № | Аты-жөні | Білімі | Бітірген оқу орны, жылы | Мамандығы | Қызметі |
|---|--|--------------|--|---------------------------------------|--------------------------|
| 1 | Охапова Айнур Елболдиевна | Арнаулы орта | Ақтөбе гуманитарлық колледжі 2010 ж. «0301002-Мектепке дейінгі тәрбие» | Мектепке дейінгі тәрбие | Даярлық сынып тәрбиешісі |
| 2 | Ысымғалиева Нурлы Буркитовна | Арнаулы орта | Ақтөбе педагогика училищесі 1986ж. «№119029-Мектеп жасына дейінгі тәрбие» | Мектепке жасына дейінгі тәрбие | Шағын Орталық тәрбиешісі |
| 3 | Бақтығосова Арайгүл Қобыланқызы | Арнаулы орта | 2013ж. Ақтөбе гуманитарлық техникалық әмбебап мультипрофильдік колледжі 0101000 «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы | Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу | Шағын Орталық тәрбиешісі |
| 4 | Бактыгереева Алтынгүл Аманжоловна | Арнаулы орта | 2018ж Ақтөбе гуманитарлық техникалық әмбебап мультипрофильдік колледжі 0101000 «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы | Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу | Шағын Орталық тәрбиешісі |
| 5 | Нурмағанбетова Мадина Жумағалиевна | Арнаулы орта | 2014ж, Ақтөбе гуманитарлық техникалық әмбебап мультипрофильдік колледжі 0101000 «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы | Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу | Шағын Орталық тәрбиешісі |

"Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту" мамандығы бойынша педагогтердің үлесі 100%.

5) жеке оқу жоспарлары мен жеке бағдарламаларды әзірлеу кезінде баланың ерекшеліктерін ескере отырып ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқытуда инклюзивті білім беру талаптарын орындау (бағаланатын кезеңге жеке оқу жоспары мен жеке бағдарламаның көшірмелері қоса беріледі);

2017-2021 оқу жылдарында шағын орталықта және даярлық сыныпта ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар болған жоқ.

2021-2022 оқу жылында ерекше білім беру қажеттілігі бар бала жоқ.

б) баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелерінің болуы (мектепалды жасындағы тәрбиеленушілердің жеке даму жоспарларының (карталарының) көшірмелері, олар болмаған жағдайда, ересек жастағы тәрбиеленушілер жоспарларының (карталарының) көшірмелері қоса беріледі);

Мектепалды даярлық сыныбының және шағын орталық тәрбиеленушілерінен "Денсаулық", "Коммуникация", "Таным", "Шығармашылық", "Әлеумет" бес білім саласы бойынша диагностика жүргізілген. Баланың даму мониторингі және оның жеке дамуын бақылау парағы қағаз түрінде кезең – кезеңімен жасалған.

7) "Денсаулық", "Қатынас", "Таным", "Шығармашылық", "Әлеумет" білім беру салаларына негізделген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын түрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы оларды кіріктіру жолдарымен іске асыру (бағаланатын кезеңге перспективалық жоспар көшірмелері, сонымен қатар зияткерлік, спорттық, шығармашылық және көркемдік конкурстарға қатысу нәтижелері қоса беріледі);

Мектепалды даярлық сыныбының және балабақша тәрбиеленушілерінің перспективті жоспарлары мектеп директорымен бекітілген. Ұйымдастырылған оқу қызметі циклограммада көрсетілген. Мектепалды даярлық сыныбының қабылдау уақыты 13.30-13.50, Қимылды ойындар 13.20-14.00, ҰОҚ басталуы 14.00 аяқталуы 16.35, «Табиғат аясында» серуен 16.35-16.50, Балалардың үйге қайтуы 16.50-17.00, Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы санитарлық қағидалардың талаптарына сәйкес көрсетілген: 15 минуттан құрылған және мектеп директорымен бекітілген.

Ақшатау орта мектебі жанындағы «Еркетай» шағын орталығында екі топ: Ортаңғы «Күншуақ» пен Кіші «Балбөбек» топтары жұмыс жасайды.

Ақшатау орта мектебі жанындағы «Еркетай» шағын орталығында тәрбиешілерінің перспективті жоспарлары мектеп директорымен бекітілген. Ортаңғы «Күншуақ», Кіші «Балбөбек» топтарының күнделікті ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті циклограммада көрсетілген. Ортаңғы «Күншуақ» тобының қабылдау уақыты 08:30-09:00, Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы 10:00-10:40, үйге қайтуы 17:50-18:00, Кіші «Балбөбек» тобының қабылдау уақыты 08:30-09:00, үйге қайтуы 17:50-18:00 Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы Ортаңғы топта 15-20 минут, Кіші топта 7-15 құрылған және мектеп директорымен бекітілген. Ұйымдастырылған оқу қызметтері – білімді игеруге, біліктер мен дағдыларды меңгеруге бағытталған педагог пен тәрбиеленушілердің бірлескен іс-әрекеті негізінде жүргізілген.

Ортаңғы «Күншуақ» тобының арнайы оқу бөлмесі 24,2 ш/м құрайды."Денсаулық", "Коммуникация", "Таным", "Шығармашылық", "Әлеумет" бес білім беру саласына негізделіп бұрыштар жасалған.

Кіші «Балбөбек» тобының арнайы оқу бөлмесі 24,2 ш/м құрайды."Денсаулық", "Коммуникация", "Таным", "Шығармашылық", төрт білім беру саласына негізделіп бұрыштар жасалған.

Балалардың тұлғалық, зияткерлік, әлеуметтік және эмоционалдық дамуын қамтамасыз ету жағдайларына қарай түрлі ойыншықтар (мозайкалар, құрастырғыштар, т.б.) бар.

Ақшатау орта мектебі жанындағы «Еркетай» шағын орталығының тәрбиешісі: Бақтығосова Арайгүл Қобыланқызы

2017-2018 оқу жылы – 1 маусым аудандық байқауда: ІІ-ші орын алған Бақытов Дамир, Ахметжан Сүйрік.

2018-2019 оқу жылы -1 маусым аудандық байқауда: Алғыс хат Жауынбай Ибраһим, Жаңабай Инабат

2020-2021 оқу жылы -ұлы ақын Абай Құнанбайұлының құрметіне орай өткен «Абай мұрагері» атты халықаралық өнер байқауында Диплом алған Атлантқызы Ерке, Ғафуров Ернұр.

2021-2022 оқу жылы «Елім деген Елбасы» атты республикалық байқауға қатысып үздік сурет номинациясы бойынша І орын алған Төлеу Адина, ІІ орын алған Атлантқызы Ерке, Махсотова Інжу.

Халықаралық «Пони» байқау жүлдегері Төлеу Адина, Төлеу Жұлдыз.

«Үркер» зияткерлік марафонының жеңімпаздары: Сырымова Кәмшат, Оралбай Адина, Махсотова Інжу, Атлантқызы Ерке, Тұрарқызы Көзайым, Нұрлыбай Еркеназ.

Ақшатау орта мектебі жанындағы «Еркетай» шағын орталығының тәрбиешісі: Бактыгереева Алтынгүл Аманжоловна

2020-2021 оқу жылы Халықаралық «Пони» Палитра байқауының жүлдегері ІІІ дәрежелі диплом Омарғали Жансерік, Саматқызы Ақтоты.

2020-2021 оқу жылы -ұлы ақын Абай Құнанбайұлының құрметіне орай өткен «Абай мұрагері» атты халықаралық өнер байқауында Диплом алған Саматқызы Ақтоты, Төлеу Әділ, Бақытова Дильназ

2021-2022 оқу жылы «Елім деген Елбасы» атты республикалық байқауға қатысып үздік сурет номинациясы бойынша І орын алған Бактыгереева Томирис, Мерекеқызы Нұрдана, Сырымова Кәмшат, Төлеу Жұлдыз.

2021-оқу жылы «BILIMGER.KZ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ Білім порталы ұйымдастырған балалар арасындағы «Алтын күз Пейзажы» атты көркемсурет байқауында үздік танылып І орын алған Атлантқызы Ерке, Төлеу Жұлдыз, Есен Айзат, Төлеу Адина.

«Үркер» зияткерлік марафонының жеңімпаздары Асланбекұлы Инаят, Бактыгереева Томирис, Қонысова Инсана, Мерекеұлы Нұрислам, Мерекеқызы Нұрдана, Ғафуров Заңғар, Тұрсынов Абдуррахман.

Ақшатау орта мектебі жанындағы «Еркетай» шағын орталығының тәрбиешісі: Нурмаганбетова Мадина Жумағалиевна

2020-2021 оқу жылы -ұлы ақын Абай Құнанбайұлының құрметіне орай өткен «Абай мұрагері» атты халықаралық өнер байқауында диплом: Есен Айзат, Бактыгереева Томирис, Тұрарқызы Көзайым.

Ақшатау орта мектебінің мектепалды даярлық тобы Охапова Айнуір Елболдиевна

2017-2018 оқу жылы – 1 маусым аудандық байқауда ІІ-ші орын алған Бақытов Дамир, Ахметжан Сүйрік.

2018-2019 оқу жылы -1 маусым аудандық байқауда Алғыс хат алған Жауынбай Ибраһим Жаңабай Инабат

2020-2021 оқу жылы- Халықаралық «Пони» Палитра байқауының жүлдегері ІІІ дәрежелі диплом Жаңабай Инабат, Қонысова Айзере.

2021-2022 оқу жылы- Халықаралық «Пони» Палитра байқауының жеңімпазы І дәрежелі диплом Есен Амандос, Елубай Әсем, Ғафуров Ернұр, Саматқызы Ақтоты, Кәрім Ботакөз, Махсотова Айжұлдыз, Төлеу Әділ, Жаңабай Аңсат, Тұрсынова Фатима, Зүһрабұлы Дидар, Иманжан Жаннұр, Бақытова Дильназ, Омарғали Жансерік.

8) тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы мониторинг) болуы (бағаланатын кезеңге мониторингтің көшірмесі қоса беріледі).

Тәрбиеленушілердің даму мониторингісі әр жылға бар, жинақталған. Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар тәрбиеленушінің жасына сәйкес оның жетістіктерін мониторингілеу негізінде үлгілік оқу бағдарламасында күтілетін нәтижелер түрінде анықталған:

- 1) 1-деңгей – бала белгілі бір қимыл мен біліктерді қайталай алады;
- 2) 2-деңгей – бала не істеп жатқанын түсінеді, белгілі білім қорына ие;
- 3) 3-деңгей – бала өзінің білетінін жасай алады, білімін өз бетінше шығармашылықпен қолданады.

2021-2022 оқу жылына жасалған бастапқы мониторинг қорытындысы төмендегідей:

| Топтар | Бала саны | I деңгей | II деңгей | III деңгей |
|-------------|-----------|---|---|---|
| Кіші топ | 13 | «Денсаулық» -5 «Шығармашылық»-6 «Таным»- 5 «Қатынас»-7 | «Денсаулық» -8 «Шығармашылық»-7 «Таным»-8 «Қатынас»-6 | «Денсаулық» -0 «Шығармашылық»-0 «Таным»- 0 «Қатынас»-0 |
| Ортаңғы топ | 21 | «Денсаулық» -4 «Шығармашылық»-5 «Таным»- 4 «Қатынас»-4 «Әлеумет» -4 | «Денсаулық» -11 «Шығармашылық»-10 «Таным»-11 «Қатынас»-11 «Әлеумет» -10 | «Денсаулық» -6 «Шығармашылық»-6 «Таным»- 6 «Қатынас»-6 «Әлеумет» -7 |
| Даярлық | 14 | «Денсаулық» -2 «Шығармашылық»-2 «Таным»-3 «Қатынас»-2 «Әлеумет» -3 | «Денсаулық» -7 «Шығармашылық»-7 «Таным»-6 «Қатынас»-8 «Әлеумет» -7 | «Денсаулық» -5 «Шығармашылық»-5 «Таным»- 5 «Қатынас»-4 «Әлеумет» -4 |

9. Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар:

- 1) МДТО ҮОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы;**

Оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі МДТО ҮОЖ белгіленген талаптарға сәйкес жүргізілді:

Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар Үлгілік оқу жоспарларында белгіленеді.

2017-2018, 2018-2019, 2019-2020 оқу жылдарында «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары» ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 маусымдағы №391 бұйрығының 1-қосымшасы басшылыққа алынды. II кіші топта 12 сағат, Ортаңғы топта -14 сағат, даярлық сыныпта 24 сағатты құрады.

2020-2021, 2021-2022 оқу жылдарында Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары» ҚР БҒМ 2020 жылғы 1 мамырдағы №195 бұйрығы басшылыққа алынды.

Жас топтары бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің аптадағы жалпы көлемі келесі:

- 1) ерте жас тобы (1-2 жастағы балалар) –ұзақтығы 7-15 минуттан 7 сағат;
- 2) I кіші топ (2-3 жастағы балалар) –ұзақтығы 7-15 минуттан 9 сағат;
- 4) ортаңғы топ (4-5 жастағы балалар) –ұзақтығы 15-20 минуттан 12 сағат;
- 5) ересектер тобы (5-6 жастағы балалар) –ұзақтығы 25-30 минуттан 17 сағат;
- 6) орта білім беру ұйымындағы мектепалды даярлық сыныбы (6-7 жастағы балалар) – ұзақтығы 25-30 минуттан 20 сағат.

2) оқыту тілдері бойынша апталық оқу жүктемесінің сақталуы.

Оқыту тілі - қазақша. Басшылыққа «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары» ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 маусымдағы №391 бұйрығының 1-қосымшасы 2016-2017, 2017-2018, 2018-2019, 2019-2020 оқу жылдары алынды. 2020-2021 оқу жылында «Қазақстан Республикасындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрығының 1-қосымшасы басшылыққа алынды.

| Оқу жылдары | Оқыту тілі | Үлгілік оқу жоспары |
|-------------|------------|--|
| 2017-2018 | Қазақша | «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары» ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 маусымдағы №391 бұйрығының 1-қосымшасы |
| 2018-2019 | Қазақша | |
| 2019-2020 | қазақша | ҚР БҒМ 2012 жылғы 12 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (2018 жылғы 10 қазандағы № 556 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) |
| 2020-2021 | қазақша | «Қазақстан Республикасындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрығының 1-қосымшасы |
| 2021-2022 | қазақша | «Қазақстан Республикасындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрығының 1-қосымшасы |

| Оқу жылы | Топтар | Жалпы көлемі | Вариативтік компонент | Оқу жүктемесі |
|-----------|---------------|--------------|-----------------------|---------------|
| 2017-2018 | Кіші топ | 11с | - | 11с |
| | Ортаңғы топ | 11с | 1с | 12с |
| | Даярлық сынып | 20 | 4 | 24 |
| 2018-2019 | кіші топ | 11с | - | 11с |
| | Ортаңғы топ | 11с | 1с | 12с |
| | Даярлық сынып | 20 | 4 | 24 |
| 2019-2020 | кіші топ | 11с | - | 11с |
| | Ортаңғы топ | 11с | 1с | 12с |
| | Даярлық сынып | 20 | 4 | 24 |
| 2020-2021 | Кіші топ | 9 | - | 9с |
| | Ортаңғы топ | 11с | 1с | 12с |
| | Даярлық сынып | 17 | 3 | 20 |
| 2021-2022 | | | | |
| | Кіші топ | 9 с | - | 9с |
| | Ортаңғы топ | 11с | 1с | 12с |
| | Даярлық сынып | 17 | 3 | 20 |

11. Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:

1) МЖМБС мен МДТО үлгілік оқу бағдарламасында анықталған әрбір білім беру саласы және әрбір ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша жас топтары бойынша меңгеруге тиіс игеруге жататын білім, білік, дағдылар мен құзыреттіліктердің көлемін игеру (МДТО ҮОЖ әрбір білім беру саласы бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің бір бейне материалы қоса беріледі);

12. Оқу мерзіміне қойылатын талаптар:

1) жас кезендерін сақтау және топтарды бірдей жастағы немесе әртүрлі жастағы принцип бойынша жинақтау (осы Өлшемшарттардың 4-қосымшасына сәйкес жас топтары тізімдерінің көшірмелері қоса беріледі);

Ауылдық жерде бала санының аздығына байланысты шағын орталықта тек 2 топ жұмыс жасайды. 2017-2018, 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021, 2021-2022 оқу жылдарында «Кіші топта» 1-2 жастағы, «Ортаңғы топта» 3-4 жастағы балалар тәрбиеленді.

2) тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтау.

Тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін түрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы оларды кіріктіру жолдарымен іске асырылатын "Денсаулық", "Қатынас", "Таным", "Шығармашылық", "Әлеумет" білім беру салалары бойынша жұмыстар жүргізіледі. Оқытудың нәтижелері көрсеткіштер ретінде баланың даму мониторингін қамтамасыз етеді және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылады.

Мектепалды даярлық сыныбында *денсаулық сақтау дағдыларын*: гигиеналық шараларды орындауды, өзіне-өзі қызмет ету және өзара көмек көрсету дағдыларын, шынықтырудың барлық әдістерін жас ерекшелігіне сай сандық және сапалық көрсеткіштерге қол жеткізе отырып, негізгі қимыл түрлерін, қимылдарды еркін меңгеріп, саналы түрде ойын ережесін сақтауды, қозғалыс әрекетінде қарапайым өзін-өзі бақылауды, ағзаны шынықтыру және дене сымбатын сақтау тәсілдерін, күн тәртібін сақтауды үйренеді.

Коммуникативтік-тілдік дағдылар: тілдесу ережелерін: сөзсіз тілдесу құралдарын, сөйлесу әдебін, сөз тіркесі мен сөйлемдерді грамматикалық дұрыс құрастыруды, сөйлеуде таныс сөздердің күрделі түрлерін қолдануды, дыбыстарды анық, дұрыс, мәнерлеп айтуды, жіктеуді, дыбыстың шартты белгілерінің көмегімен буын мен сөз құрастыруды, сөзжасам дағдыларын, заттардың белгілері мен сапа ларына сүйене отырып, сөздің мағынасын түсіндіре және қолдана алуды, берілген тақырып, сурет бойынша жалаң және жайылма сөйлемдерді қолдана отырып, байланыстырып, бірізділікпен әңгіме құрастыруды, түрлі оқиғаларды мазмұндап айтуды, ертегілерді ойдан құрастыруды, ойында сөз және өлең ұйқастарын құрастыруға, көргеніне сүйене отырып, таныс шығармалардың мәтінін мазмұндауды, дыбыстарды айтуда және дыбыстық талдауда білімін қолдануды, төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды, дыбыстарды сипаттауды үйренеді.

Танымдық дағдылар: адам өміріндегі маңызына және қолданылуына байланысты заттарды даярлау үшін пайдаланылатын материалдардың қасиеттері мен алуан түрлілігі туралы, қоршаған ортадағы объектілердің ерекше және маңызды белгілерін бөліп көрсете отырып, олар туралы түсініктерді, жапсыру және сурет салу түрінде геометриялық пішіндерден шынайы және абстракциялық объектілердің қарапайым үлгілерін жасауды, болмашы ерекше белгілері бойынша жануарлар мен өсімдіктерді ажырата білуді, табиғат бұрышындағы мекендеушілерді күтіп-баптауды, күнделікті өмірдің жаңа жағдайларында қауіпсіздікті сақтауды, түрлі белгілері бойынша объектілерді жіктеуді, сөз арқылы кеңістіктік-уақыт қатынасын, қисынды ойлауды, нәтижеге жететін эксперимент әрекетіне мақсат қоя білуді, нәтижеге жетуді, алған ақпаратқа талдау жасауды, оны саналы түрде қолдануды үйренеді.

Шығармашылық дағдылар: музыкалық аспап сүйемелдейтін әуенді, регистр дыбысын ажырата алуды, балаларға арналған музыкалық аспапта ойнау барысында, ән айтқанда, билегенде минорлы және мажорлы дыбысталуды қабылдап, жаңғырта алуды, түрлі техникалық құралдарды өз бетінше қолдануды, жұмыстарды жаңа бөліктермен толықтыруды

және әсемдеуді, қарастырған заттарының бояуының қанықтылығының маңыздылығын, өнердің басқа түрлерінің түпмәтінінде өнер туындыларына алғашқы талдау жасауды үйренеді.

Әлеуметтік дағдылар: мінез-құлықтың адамгершілік нормаларын, әдеп, табиғаттағы өзін-өзі ұстау ережелерін, ересектермен бірлескен әрекетке жұмылуды, пайдасын тигізуге және оған қанағаттануды, өзінің және басқа халықтардың әдептілік нормалары мен олардың құндылығын, түсіністік, төзімділік танытуды, әлеуметтік ортада өзара қарым-қатынас жасау біліктілігін, қоғамдық тәртіп сақтау дағдаларының коммуникативтік дағдыларын меңгереді.

Мектеп директоры: Б. К. Карасаев

Комиссия мүшелері: С.С. Басауова

Г.Ж. Қалиева

Д. Қ. Темірова

А.Қ.Бақтығосова